

## 2007 жылы Украинадағы Қазақстан жылын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 235 Жарлығы  
Қазақстан Республикасы Президенті  
мен Үкімет актілерінің жинағында  
және республикалық баспасөзде  
жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы экономикалық, ғылыми-техникалық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты жандандыру, байланыстарды нығайту және Қазақстан Республикасының Президенті мен Украина Президенті кездесулерінің барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2007 жылы Украинадағы Қазақстан жылы өткізілсін.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі 2007 жылы Украинадағы Қазақстан жылын дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетін құрсын және көрсетілген іс-шараны қаржыландыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті*